

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**География**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. АҚШ мемлекетінің «автомобиль астанасы» аталатын қаласы

- A) Нью-Йорк
- B) Бостон
- C) Детройт
- D) Чикаго
- E) Лос-Анжелес

2. Дүние жүзі бойынша автомобиль шығарудан бірінші орын иелентін мемлекет

- A) АҚШ
- B) Франция
- C) Германия
- D) Италия
- E) Жапония

3. Дүние жүзіндегі дәнді дақылдық өнімдер жинау бойынша бірінші орын иеленетін мемлекет

- A) Ресей
- B) Қазақстан
- C) Канада
- D) Қытай
- E) Бразилия

4. Әлем бойынша мұнай мен газ қоры бойынша алдыңғы қатардағы аймақ

- A) Солтүстік Америка
- B) Орталық Америка
- C) Оңтүстік Шығыс Азия
- D) Оңтүстік Батыс Азия
- E) Оңтүстік Африка

5. Басқа елдерге жұмыс істеу мақсатында уақытша қоныс аудару түрі

- A) саяси депортация
- B) маусымдық миграция
- C) сыртқы миграция
- D) ішкі миграция
- E) эмиграция

6. Францияның Мұхиттық аралдар аймағындағы аралы

- A) Жаңа Каледония
- B) Жаңа Зеландия
- C) Жаңа Гвинея
- D) Жаңа Гебридтер
- E) Жаңа Гавай

7. Автомобиль жасау өндірісі бойынша дүние жүзінде үшінші орын иеленетін мемлекет

- A) Жапония
- B) АҚШ
- C) Германия
- D) Италия
- E) Франция

8. 2002 жылдың 1 қаңтарында қолданысқа енгізілген валюта

- A) теңге
- B) еуро
- C) доллар
- D) юань
- E) иена

9. Латын Американың «Үлкен үштік»елдері

- A) Бразилия, Чили, Колумбия
- B) Бразилия, Аргентина, Мексика
- C) Бразилия, Венесуэла, Куба
- D) Бразилия, Перу, Эквадор
- E) Бразилия, Панама, Ямайка

10. Латын Америкасының 81% -ның тілдік құрамын құрайтын тобы

- A) үнді-европалық тіл жанұясының герман тобы
- B) үнді-европалық тіл жанұясының роман тобы
- C) үнді-европалық тіл жанұясының балтық тобы
- D) үнді-европалық тіл жанұясының кельт тобы
- E) үнді-европалық тіл жанұясының славян тобы

11. Латын Америкасының «мыс белдеуі» орналасқан елі

- A) Эквадор
- B) Ямайка
- C) Куба
- D) Гайана
- E) Чили

12. Латын Америка халықтарының тілдік құрамы

- A) испан, португал, француз
- B) ағылшын, француз, неміс
- C) испан, ағылшын, ирланд
- D) итальян, румын, болгар
- E) ағылшын, норвег, швед

13. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық (ЕҚЫҰ) ұйымына мүше елдер саны

- A) 56
- B) 57
- C) 58
- D) 59
- E) 60

14. 2010 жылы құрылған Кедендік Одаққа мүше елдер

- A) Ресей, Қазақстан, Өзбекстан
- B) Ресей, Қазақстан, Қырғызстан
- C) Ресей, Қазақстан, Украина
- D) Ресей, Қазақстан, Тәжікстан
- E) Ресей, Қазақстан, Беларусь

15. Шығыс Еуропаның мұнай химия саласы дамыған елі

- A) Венгрия
- B) Болгария
- C) Румыния
- D) Албания
- E) Словения

16. Әлемдегі ормансыз мемлекеттер

- A) АҚШ, Бразилия, Мексика, Боливия, Чили
- B) Бахрейн, Катар, Ливия, Чад, Мысыр, БАӘ
- C) Үндістан, Қытай, Норвегия, Франция, Сирия
- D) Ресей, Финляндия, Польша, Чехия, Сербия
- E) Италия, Испания, Малайзия, Тәжікстан, ОАР

17. Табиғи каучук өндіруші елдер

- A) Тайланд, Индонезия, Малайзия
- B) Тайланд, Үндістан, Филиппин
- C) Тайланд, Малайзия, Шри-Ланка
- D) Тайланд, Мьянма, Вьетнам
- E) Тайланд, Сингапур, Тайвань

18. Машина жасаудың ғылымды көп қажет ететін түрлерін шығарудан жетекші елдер

- А) Жапония, АҚШ, Қытай, Батыс Еуропа елдері
- В) Франция, Ресей, Бразилия, Шығыс Азия елдері
- С) Германия, Түркия, Мексика, Шығыс Еуропа елдері
- Д) Италия, Испания, Канада, Орталық Еуропа елдері
- Е) Аустралия, Чили, Аргентина, Оңтүстік Еуропа елдері

19. Әлем бойынша кеме жасаудан жетекші орындағы елдер

- А) Бразилия, Мексика, ОАР, Франция, Италия
- В) Ирландия, Үндістан, Дания, Ресей, Германия
- С) Боливия, Исландия, Норвегия, Финляндия
- Д) Жапония, Корея Республикасы, Германия, Қытай
- Е) Ресей, Испания, Аустралия, Аргентина, БАӘ

20. Әлемдік балық аулау шаруашылығының тең жартысы тиесілі елдер

- А) Ресей, Боливия, Моңғолия, Парагвай
- В) Үндістан, Швеция, Аустрия, Польша
- С) Жапония, Қытай, АҚШ, Чили, Перу
- Д) Германия, Чехия, Непал, Латвия
- Е) Литва, Ирландия, Исландия, Дания

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Туристтік қызметті ұйымдастыру**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Туристерге туристік-экскурсиялық кәсіпорындарымен көрсетілетін қызмет кешені:

- A) Туристік өнім
- B) Қаржы өнімі
- C) Қызмет өнімі
- D) Негізгі өнім
- E) Ішкі жалпы өнім

2. Клиенттерге қызмет көрсету ережелердің кешені:

- A) Концепция
- B) Бағдарлама
- C) Стандарт
- D) Қағида
- E) Жоспар

3. «Викинг» мұражайы және «Volvo» автомобиль зауыты орналасқан мемлекет:

- A) Швеция
- B) Норвегия
- C) Финляндия
- D) Швейцария
- E) Италия

4. Далай-Лама сарайы орналасқан қала:

- A) Нара
- B) Токио
- C) Лхаса
- D) Медина
- E) Рим

5. Карловы-Вары курорты орналасқан мемлекет:

- A) Болгария
- B) Венгрия
- C) Польша
- D) Чехия
- E) Германия

6. Солтүстік Тянь-Шань құрамына кіретін тау жотасы:

- A) Кавказ
- B) Іле Алатау
- C) Талас Алатау
- D) Тарбағатай
- E) Қаратау

7. Туристтік қызмет экономиканың келесі саласына жатады:

- A) Көлік саласына
- B) Қоғамдық тамақтандыру жүйесіне
- C) Материалдық өндірістік салаға
- D) Материалдық емес өндірістік салаға
- E) Коммуникация жүйесіне

8. Турагент – бұл:

- A) Туристтік ассоциация
- B) Туристтік өнімді сатушы
- C) Туристтік кәсіподақ
- D) Мейрамхана
- E) Туристтік қонақ үй

9. Туроператор – бұл:

- A) Туристтік қонақ үй
- B) Туристтік өнімді сатушы
- C) Туристтік ұйым
- D) Мейрамхана
- E) Турды құрастыратын туристтік кәсіпорын

10. 1985 жылы Павлодар облысында орналасқан Ұлттық саябақтың атауы:

- A) Іле-Алатау
- B) Шарын
- C) Көлсай
- D) Көкшетау
- E) Баянауыл

11. Қазақстанда алғаш ашылған қорық:

- A) Үстірт
- B) Барсакелмес
- C) Маркакөл
- D) Ақсу-Жабағлы
- E) Наурызым

12. 1872 ж. ашылған алғашқы ұлттық саябақ:

- A) Гранд Каньон
- B) Йосемит
- C) Йеллоустон
- D) Улуру
- E) Аксу-Жабағлы

13. Алғашқы ұлттық саябақ ашылған мемлекет:

- A) Бразилия
- B) АҚШ
- C) Кения
- D) Уганда
- E) Германия

14. XX-XXI ғғ. әйгілі болып саналды:

- A) Трактирлер
- B) Таверналар
- C) Тұрақтану аулалары
- D) Қонақ үй тізбектері
- E) Караван-сарайлар

15. Туристтік өнім – бұл:

- A) Туристтік құндылықтар мен туристтік қызметтер жиынтығы
- B) Туристтер сатып алатын тауарлар
- C) Туристтік саяхат барысында пайда болатын адамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын тауарлар мен қызметтер жиынтығы
- D) Қонақ үйінде пайда болатын қызметтер
- E) Негізгі қызмет түрлері

16. Туристтік пакеттегі трансфер:

- A) Туристті әуежай мен вокзалдан қонақ үйге әкелу және кері жеткізу
- B) Туристті демалатын орнына дейін тасымалдау
- C) Рейстік ұшақпен туристті демалатын орнына дейін жеткізу
- D) Чартерлік рейспен туристті демалатын орнына дейін жеткізу
- E) Автобустық экскурсия

17. Биосфералық резерват деген ЮНЕСКО-ның статусы иеленген Қазақстанның қорығы:

- A) Қорғалжын
- B) Наурызым
- C) Маркакөл
- D) Батыс Алтай
- E) Аксу-Жабағлы

18. Ресейдің алғашқы курорттық шаруашылығын дамытқан:

- A) Петр I
- B) Александр I
- C) Николай I
- D) Павел
- E) Екатерина II

19. Туризм дамуының әлеуметтік-экономикалық алғышарттары:

- A) табиғи ескерткіштердің болуы
- B) тарихи-мәдени ескерткіштердің болуы
- C) қорықтар мен ұлттық саябақтар санының өсуі
- D) білім мен мәдениеттің дамуы
- E) ландшафтардың әралуандылығы

20. Жалпы рекреациялық кезең сәйкес келеді:

- A) вегетациялық кезеңнің ұзақтығымен
- B) суға түсу кезеңнің ұзақтығымен
- C) қысқы кезеңнің ұзақтығымен
- D) жазғы кезеңнің ұзақтығымен
- E) аң аулау кезеңнің ұзақтығымен



***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Тамақтандыру қызметін ұсынатын кәсіпорындар:

- A) Пана
- B) Кафе
- C) Туристік агенттік
- D) Жарнама агенттігі
- E) Мейрамхана
- F) Асхана
- G) Экскурсиялық бюро
- H) Туристік база

22. Орналастыру қызметін ұсынатын кәсіпорындар:

- A) Қонақ үй
- B) Туристік база
- C) Туристік агенттік
- D) Жарнама агенттігі
- E) Мейрамхана
- F) Демалыс үй
- G) Экскурсиялық бюро
- H) Туризм комитеті

23. Туристік өнімді шығару факторлары:

- A) қолайлы нарық жағдайы
- B) мемлекеттің заң көлемінде қолдауы
- C) ыңғайы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар
- D) ұлттық туристік өнімнің жоғары бәсекелестігі
- E) спорт-туристік жағдайлардың болуы
- F) жақсы саяси-экономикалық жағдайлар
- G) кадрлардың болуы

24. Стандартты құрастыру үшін арыз беріледі:

- A) Техникалық комитетке
- B) Құрастырушы ұйымға
- C) Салық органдарына
- D) Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігіне
- E) Қазақстан Республикасы индустрия және жаңа технологиялар Министрлігіне
- F) Туроператорға және турагенттерге
- G) Туристік аймақ агенстволарға

25. Оңтүстік Қазақстанда орналасқан Ұлттық саябақтар:

- A) Бурабай
- B) Іле-Алатау
- C) Бұйратау
- D) Баянауыл
- E) Шарын
- F) Қарқаралы
- G) Көкшетау

26. Солтүстік Қазақстанда орналасқан қорықтар:

- A) Ақсу-Жабағылы
- B) Наурызым
- C) Алакөл
- D) Марқакөл
- E) Алматы
- F) Қаратау
- G) Қорғалжын
- H) Батыс Алтай

27. Аталған ЕҚТА арасында Ұлттық саябақтарды атаңыз:

- A) Алакөл
- B) Ақсу-Жабағылы
- C) Үстірт
- D) Марқакөл
- E) Алматы
- F) Іле-Алатау
- G) Алтынемел
- H) Шарын

28. Алматы облысында орналасқан ерекше қорғалатын табиғи аймақтар:

- A) Баянауыл Ұлттық саябағы
- B) Марқакөл қорығы
- C) Қорғалжын қорығы
- D) Іле Алатау Ұлттық саябағы
- E) Алтынемел Ұлттық саябағы
- F) Алматы қорығы
- G) Ақсу-Жабағлы қорығы
- H) Үстірт қорығы

29. Қазақстан азаматтары үшін визасыз мемлекеттер:

- A) Қытай
- B) Грекия
- C) Жапония
- D) Германия
- E) Венгрия
- F) Түркия
- G) Грузия

30. Еуропа нарығында емдік туризм бойынша алғашқы орынға ие мемлекеттер:

- A) Ұлыбритания
- B) Норвегия
- C) Португалия
- D) Финляндия
- E) Чехия
- F) Венгрия

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Туризм тарихы**

Туризм қоғамдық, шаруашылық және кеңістіктік құбылыс ретінде ежелгі замандарға терең тамыр жайған мол дәстүрге ие. Туристтік саяхаттар, саудасаттық сапарлар өзінің мәнін жоғалтқанда басталды деп есептеледі. Біздің заманға дейінгі IV мыңжылдықта көне Мысырда аталынып жүрген, осындай алғашқы көшіп-қонушылыққа жататыны – діни негізіндегі саяхаттар. Кейіннен туристтік саяхаттар қалаларды көріп, жасанды көлдер, шипалы бұлақтарға барумен байланысты болды. Ежелгі дүние дәуірінде шипалы суларға, табыну орындарына, спорттық, көңіл көтеру және басқа орындарға баратын туристер топтарымен бірге оларға қызмет көрсететін адамдар да пайда болады. Бірте-бірте жұрттың қозғалысы шұғыл өседі. Туристтік байланыстар кеңейе түседі. Оған Еуропа елдері арасындағы арнайы келісімдер ықпал етеді. Туризм жаппай түрге айналады.

31. “Туризм” және “туризмнің табиғи нысандары” ұғымдарың негізінен ғылым саласы зерттейді:

- A) геометрия және математика
- B) физика және кибернетика
- C) әулеметтік және экономикалық география
- D) химия және микробиология
- E) саясаттану және тарих

32. Олимпиада ойындарына \_\_\_\_\_ аты қойылған:

- A) Олимпия құдай-ханымның
- B) Олимп тауының
- C) Олимпия өзеннің
- D) Автокөліктің
- E) Кеменің

33. Томас Кук туристердің алғашқы екі тобын Англиядан Америкаға жіберген жылы:

- A) 1841
- B) 1863
- C) 1866
- D) 1872
- E) 1882

34. VIII ғасырда пилигримдер демалуына арналған үйлерді орнатқан:

- A) Сұлтан Бейбарыс
- B) Император Константин
- C) Ұлы Карл
- D) Халиф Омар
- E) Папа Пий V

35. Курортология мен емдік туризмнің пайда болған жері:

- A) Грекия
- B) Ежелгі Рим
- C) Парсы елі
- D) Эфиопия
- E) Мысыр

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Жорық**

ЖОО-ның Туризм мамандығында оқу жоспары бойынша практика шаралары ұйымдастырылады. Білікті мамандар мен оқытушылардың басқаруымен студенттер тау жорықтарына барып тұрады. Білім алумен қатар студенттер табиғатқа жақын болуға тәрбиеленеді. Практика барысында студенттер жорыққа қажетті құрал-жабдықтармен жабдыкталады және арнайы дайындалған бағдарлама бойынша теория жүзінде өткен мәліметтерді іс-жүзінде көруге мүмкіндік алады.



36. Туристің жеке дара құралдары:

- A) Рюкзак, арқан
- B) Күрек, каремат
- C) Арқан, палатка
- D) Ұйқы қабы, арқан
- E) Рюкзак, каремат

37. Биік таудағы оттегінің ағза үшін жетіспеуі:

- A) Гиподинамия
- B) Гипердинамия
- C) Аллергия
- D) Гипоксия
- E) Акклиматизация

38. Аллергияға қарсы дәрілер тобы:

- A) Қызуды басушы дәрілер
- B) Қан қысымын басушы дәрілер
- C) Антибиотик
- D) Антисептик
- E) Антигистаминдік

39. Адам ағзасының биік тау жағдайына бейімделуі:

- A) Гиподинамия
- B) Акклиматизация
- C) Гипоксия
- D) Экологизация
- E) Гипердинамия

40. Туристтік бағытты жүріп өтудің алғышарттарының бірі:

- A) қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау
- B) аяқ киімнің талаптарға сай келмеуі
- C) топ жетекшісінің, қауіпсіздік мақсатындағы талаптарына бағынбау
- D) топтан бөлініп, маршруттан ауытқу
- E) қауіпсіздік сақтандыру хабарламасына біле тұрып, мән бермеу

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***